

## Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 57-бабының 2-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Техникалық реттеу туралы хаттаманың 5-тармағының сегізінші және тоғызыншы абзацтарына (Шартқа № 9 қосымша), Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың 4-тармағының төртінші абзацына (Шартқа № 12 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 6, 9 және 21-тармақтарына сәйкес, сондай-ақ өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің бірыңғай нысаны;

Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді ресімдеу қағидасы;

Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі бекітілсін.

2. Мыналар:

а) өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің бланкісі қатаң есептіліктегі құжат болып табылады, Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеттерінде (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) бланктердің қорғалу дәрежесіне қойылатын және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленетін талаптарға сәйкес баспаханалық тәсілмен дайындалады және кем дегенде 4 қорғалу деңгейі, оның ішінде баспаханалық нөмірі болады;

б) өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына немесе өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін бағалау мақсатында рәсімделген, осы Шешім күшіне енгенге дейін мемлекеттік тіркеуге жататын өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болады;

в) осы Шешіммен бекітілген нысан бойынша берілген өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтер өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің

бірыңғай тізіліміне енгізіледі, оны қалыптастыру мен жүргізу осы Шешіммен бекітілген Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

### 3. Мыналардың:

осы Шешім күшіне енетін күніне дейін берілген мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтерді өзекті ету жағдайларын қоспағанда, Кеден одағы комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта санитариялық шаралардың қолданылуы туралы" 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімінің өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттың бірыңғай нысанын (Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай нысанын) бекіту бөлігіндегі 1-тармағының;

Кеден одағы комиссиясының "Кеден Одағында санитариялық шаралардың қолданылу мәселелері туралы" 2010 жылғы 17 тамыздағы № 341 шешімінің өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттың бірыңғай нысанына өзгерістерді бекіту бөлігіндегі 1.1-тармақшасының;

Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағы комиссиясының техникалық реттеу және санитариялық шаралар саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 383 шешімінің өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттардың бірыңғай нысандарына өзгерістерді бекіту бөлігіндегі, оның Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігі бөлігіндегі 1-тармағының;

Кеден одағы Комиссиясының "Кеден Одағында санитариялық шаралардың қолданылу мәселелері туралы" 2010 жылғы 14 қазандағы № 432 шешімінің өнімнің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттардың бірыңғай нысандарына өзгерістерді бекіту бөлігіндегі, оның Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігі бөлігіндегі үшінші абзацының;

Кеден одағы комиссиясының "Өнімдердің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттардың бірыңғай нысандарына өзгерістер енгізу туралы" 2011 жылғы 2 наурыздағы № 568 шешімінің;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес мемлекеттік тіркеу нысанындағы сәйкестігін бағалауға жататын өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысаны туралы" 2012 жылғы 13 маусымдағы № 82 шешімінің;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 6 қарашадағы № 206 шешімінің;

Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне ("Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 10 қарашадағы

№ 149 шешіміне қосымша) енгізілетін өзгерістердің 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия Ережесі Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай нысанына № 2 қосымшада көзделген мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің тізіліміне енгізілген мәліметтердің сақталуын, өзекті етілуін және осы мәліметтерге адамдардың шексіз тобының қол жеткізуін қамтамасыз етсін.

5. Осы Шешім 2019 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 30 маусымдағы  
№ 80 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің БІРЫҢҒАЙ НЫСАНЫ**

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ	(1)
------------------------------	-----

(Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы)

# **ЕАЭС**

(2)

КУӘЛІК

Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ (3)

ӨНІМ \_\_\_\_\_

\_\_ (4)

ДАЙЫНДАУШЫ \_\_\_\_\_

\_\_ (5)

ӨТІНІШ БЕРУШІ \_\_\_\_\_

\_\_ (6)

СӘЙКЕС КЕЛЕДІ \_\_\_\_\_

\_\_ (7)

НЕГІЗІНДЕ КУӘЛІК БЕРІЛДІ \_\_\_\_\_

\_\_ (8)

\_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_ (9)

(Еуразиялық экономикалық (қолы) (Т.А.Ә.)

одаққа мүше мемлекеттің

уәкілетті органы басшысының

(уәкілетті тұлғаның) лауазымы)

№ \_\_\_\_\_ (10)

### ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

\_\_\_\_\_ (Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы)

**Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке**

### ҚОСЫМША

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ М.О. \_\_\_\_\_

(Еуразиялық экономикалық (қолы) (Т.А.Ә.)

одаққа мүше мемлекеттің (қолы)

уәкілетті органы басшысының  
(уәкілетті тұлғаның) лауазымы)

\_\_\_\_\_ - парақтан \_\_\_\_\_ парак. № \_\_\_\_\_

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 30 маусымдағы  
№ 80 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді ресімдеу ҚАҒИДАСЫ**

1. Осы Қағида өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына (Кеден одағының техникалық регламенттері) (бұдан әрі тиісінше – техникалық регламент (техникалық регламенттер) немесе Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге қойылатын Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға, осы шешіммен бекітілген Өнімдердің (тауарлардың) бірыңғай тізілімінің II бөліміне (бұдан әрі – Бірыңғай санитариялық талаптар) енгізілген, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және кедендік аумағында мемлекеттік өнімге (тауарларға) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (бұдан әрі тиісінше – мемлекеттік тіркеу, куәлік) ресімдеу тәртібін белгілейді.

2. Куәлікті Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес уәкілетті орган (органдар) (ұйымдар, мекеме) (бұдан әрі тиісінше – уәкілетті орган, мүше мемлекет) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80 шешімімен бекітілген бірыңғай нысан бойынша ресімдейді.

3. Мемлекеттік тіркеуді жүргізу кезінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес оның аумағында дайындаушы немесе сатушы (импортер) не уәкілетті дайындаушы болып табылатын жеке кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға өтініш беруші бола алады.

4. Өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәлік ресімделген жағдайда өтініш беруші уәкілетті органға өтінішті, сондай-ақ техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) көзделген құжаттарды және мәліметтерді ұсынады.

5. Өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәлікті ресімдеген жағдайда өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды және мәліметтерді:

а) Одақтың кедендік аумағында дайындалған өнімге:

өтінішті;

оған сәйкес өнім дайындалған құжаттардың (техникалық шарттардың, технологиялық нұсқаулықтардың, спецификациялардың, құрамы туралы рецептуралардың және (немесе) мәліметтердің және өзге де құжаттардың) осы өнімнің дайындаушысы куәландырған көшірмелерін;

сапа сертификатының немесе қауіпсіздік (сапа) паспортының немесе сапа туралы куәліктің өнімді дайындаушы куәландырған көшірмесін не дайындалған өнімнің (өнімнің сынамаларының (үлгілерінің)) осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкестігін растайтын өнімді дайындаушының хатын;

өнімді дайындаушының өнімді қолдану (пайдалану, қолдану) туралы құжатын (нұсқаулығын немесе нұсқамасын немесе регламентін немесе ұсынымдарын) не өтініш беруші куәландырған оның көшірмесін;

өнімнің затбелгілерінің (орамаларының) немесе өтініш беруші куәландырған олардың макеттерінің көшірмелерін;

сынамаларды (үлгілерді) іріктеу актісін;

өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігіне зертханалық зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің хаттамаларын, ғылыми есептерді, сараптама қорытындысын (қорытындыларын);

заңды тұлғаны немесе мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде берілетін өтініш берушінің тіркеу немесе есептік (дербес, сәйкестендіруші) нөмірі туралы мәліметтерді;

б) Одақтың кедендік аумағынан тыс дайындалған өнімге:

өтінішті;

өнім дайындалған құжаттардың (техникалық шарттардың, технологиялық нұсқаулықтардың, спецификациялардың, рецептуралардың, құрамы туралы мәліметтердің және өзге де құжаттардың) мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес куәландырылған көшірмелерін;

сапа сертификатының немесе қауіпсіздік (сапа) паспортының немесе сапа туралы куәліктің өнім дайындаушы куәландырған көшірмесін не дайындалған өнімнің (өнімнің сынамаларының (үлгілерінің)) тіркеу жүргізілетін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес куәландырылған, осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкестігін растайтын өнім дайындаушының хатын;

өнімді қолдану (пайдалану, қолдану) туралы өнімді дайындаушының құжатын (нұсқаулығын немесе нұсқамасын немесе регламентін немесе ұсынымдарын) не өтініш беруші куәландырған оның көшірмесін;

өнімнің затбелгілерінің (орамаларының) немесе өтініш беруші куәландырған олардың макеттерінің көшірмелерін;

дезинфекциялаушы (дезинсекциялық, дератизациялық) құрал дайындалған мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы құзыретті органы (басқа органы) берген, мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес куәландырылған, осы мемлекеттің аумағындағы өнімнің қауіпсіздігін растайтын және еркін айналымына рұқсат беретін құжаттың көшірмесі немесе осындай құжатты ресімдеу қажеттігінің жоқтығын растайтын (дезинфекциялайтын құралдарды мемлекеттік тіркеу кезінде) өнім дайындаушының құжаттарын;

өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігіне зертханалық зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің хаттамаларын, ғылыми есептерді, сараптама қорытындысын (қорытындыларын);

Одақтың кедендік аумағына сынамалардың (үлгілердің) әкелінгенін растайтын құжаттардың мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес куәландырылған көшірмелерін;

заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеу кезінде берілетін өтініш берушінің тіркеу немесе есептік (дербес, сәйкестендіруші) нөмірі туралы мәліметтерді ұсынады.

6. Уәкілетті орган:

а) өтінішті қабылдайды және тіркейді;

б) техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) белгіленген талаптарға (өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәліктер ресімделген жағдайда) немесе осы Қағиданың 5-тармағына сәйкес (өнімнің Бірыңғай сатнитарлық талаптарға сәйкестігін растайтын куәліктер ресімделген жағдайда) өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтерге сараптама жүргізеді;

в) өнімнің мемлекеттік тіркелгені туралы бірыңғай куәліктер тізілімінің ұлттық бөлігіне куәліктер туралы мәліметтерді енгізеді;

г) куәлікті рәсімдейді және береді.

7. Куәлікті ресімдеу мақсатында өнімді зертханалық зерттеу (сынамалары) мен өлшеуді Кеден одағының сертификаттау және сынақ зертханалары жөніндегі органдарының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген, аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) (бұдан әрі – сынақ зертханалары (орталықтары)) жүргізеді.

8. Егер техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) өзгеше көзделмесе, Одақтың кедендік аумағында дайындалған өнімді зертханалық зерттеулерге (сынауға)

және өлшеуге арналған сынамаларды (үлгілерді) іріктеуді сынақ зертханалары ( орталықтары) жүзеге асырады.

Одақтың кедендік аумағынан тыс дайындалған, Зертханалық зерттеулер (сынамалар ) мен өлшемдерге арналған өнімнің сынамалары (үлгілері) дайындаушының ( дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның) ілеспе хатымен қоса және сынақ зертханасымен (орталықпен) жасасқан шарттың немесе сынақ зертханасының ( орталығының) хаты қоса тіркеле отырып ұсынылады.

Пошталық жөнелтілімдерімен келіп түскен өнімнің сынамалары (үлгілері) және тауарларға қоса жүретін құжаттардың көшірмелері "Әкелуге рұқсат берілген" деген белгі қойылмай-ақ қабылданады.

9. Куәлікті беру туралы шешімді өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтерді сараптаудың оң нәтижелері, сондай-ақ өнімді оның техникалық регламентте ( техникалық регламенттерде) белгіленген талаптарға сәйкестігіне зертханалық зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің нәтижелері (өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәліктерді ресімдеген жағдайда) немесе Бірыңғай санитариялық талаптарға (өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәліктерді ресімдеген жағдайда) негізінде уәкілетті орган қабылдайды.

10. Техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) (өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәліктерді ресімдеген жағдайда) немесе осы Қағиданың 5-тармағында (өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәліктерді ресімдеген жағдайда) көзделмеген құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

11. Куәлікті ресімдеу мақсатында уәкілетті органға берілген құжаттар мен мәліметтердегі деректердің дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

12. Осы Қағиданың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген шетел тілінде жасалған құжаттардың мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің мемлекеттік тіліне аудармасы осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес куәландырылуы тиіс.

13. Куәлікті ресімдеу мақсатында уәкілетті органға берілетін құжаттар мен мәліметтер мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық нысанда жіберілуі мүмкін.

14. Куәлікті ресімдеуден мынадай негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін:

а) өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәлікті ресімдеген жағдайда:

өнімнің техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) белгіленген талаптарға сәйкес болмауы;

өтініш берушінің осы Қағиданың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес болмауы;

техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді толық көлемде ұсынбау, сондай-ақ дұрыс емес ақпаратты қамтитын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну;

техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) өнімнің белгілі түрінің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігі мемлекеттік тіркеу нысанында расталуы мүмкін екендігін белгілейтін норманың жоқтығы;

уәкілетті органға өнімді дайындау, айналымда болу және қолдану (пайдалану) кезінде өнімнің адам денсаулығы мен оның өмір сүру ортасына зиянды әсер ету жағдайлары туралы мүше мемлекеттің халықаралық конвенциялар мен шарттарға қосылуы шеңберінде жіберілетін негізделген ақпараттың келіп түсуі;

б) өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәлікті ресімдеген жағдайда:

өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкес болмауы;

өтініш берушінің осы Қағиданың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес болмауы;

өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген құжаттарға және (немесе) мәліметтерге сәйкес болмауы;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасының талаптарына сәйкес болмауы, сондай-ақ дұрыс емес ақпаратты қамтитын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну;

Одақтың құқығында немесе мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің заңнамасында куәлікті ресімдеу және беру үшін көзделген негіздердің болмауы;

өнімнің қауіпсіздігіне қатысты талаптарды және оның дайындалуы мен айналымының шарттарын белгілеудің мүмкін болмауы, сондай-ақ өнімдегі және осындай өнімнің адамның өмір сүру ортасындағы қауіпті факторларын анықтау және өлшеу әдістемелерінің болмауы;

өнімді дайындау, айналымда болу және қолдану (пайдалану) кезінде өнімнің адам денсаулығы мен оның өмір сүру ортасына зиянды әсер ету жағдайлары туралы негізделген ақпараттың болуы.

15 Уәкілетті орган куәлікті ресімдеуден бас тарту туралы шешімді оның себептерін негіздей отырып (жазбаша нысанда немесе электронды құжат нысанында) оны қабылдаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде өтініш берушіге, мүше мемлекеттің уәкілетті органына, сондай-ақ Комиссияға жібереді.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының бір-бірімен, сондай-ақ Комиссиямен ақпараттық өзара іс-қимылы Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

16. Уәкілетті орган куәлік беруді өтінішті және оған қоса тіркелген құжаттар жиынтығын алған күннен бастап (егер техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) өзгеше көзделмесе) күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

17. Куәлік электронды баспа құралдары пайдаланыла отырып орыс тілінде толтырылады және мүше мемлекеттің заңнамасында тиісті талаптар болған жағдайда – мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде толтырылады.

Куәлік орыс тілінде және мүше мемлекеттің бірінің мемлекеттік тілінде толтырылған жағдайда куәлік куәліктің түрлі жағында толтырылады.

18. Қажет болған жағдайда дайындаушының атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы), сондай-ақ өнімді дайындау жөніндегі қызметін жүзеге асыратын орынның (мемлекеттік атауынан басқа) мекенжайы (мекен-жайлары) мен өнімнің белгісі (түрі, таңбасы, моделі, артикулы және басқалар) латын әліпбиінің әріптері пайдаланыла отырып көрсетілуі мүмкін.

19. Куәлік оны берген күннен бастап өнімді дайындаған немесе Одақтың аумағына әкелінген барлық кезең ішінде және Одақтың кедендік аумағында айналымдағы өнімді толық өткізгенге дейін (оның дайындаушы көздеген (сақтау) жарамдылық мерзімдерін ескере отырып) (егер техникалық регламентте (техникалық регламенттерде) өзгеше көзделмесе) қолданыста болады.

20. Куәліктің барлық жолдары толтырылуы тиіс (куәліктердің түпнұсқасында жолдардың нөмірлері болмайды).

21. Куәлікте мыналар:

а) 1 жолда – мынадай реттілікпен 4 жолға орындалған жазбалар көрсетіледі:

1-ші жол – "ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ";

2-ші жол – уәкілетті органның толық атауы;

3-ші жол – "КУӘЛІК";

4-ші жол – "өнімнің мемлекеттік тіркелгені туралы";

б) 2 жолда – Еуразиялық экономикалық одақтың нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі.

Өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәлік рәсімделген жағдайда Еуразиялық экономикалық одақтың нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі көрсетіледі. Өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәлікті рәсімдеген жағдайда 2 жол толтырылмайды;

в) 3-жолда – тіркеу нөмірі мен куәлікті беру күні көрсетіледі.

Тіркеу нөмірі мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

XX.XX.XX.XX.XXX.X.XXXXXX.XX.XX,

1 2 3 4 5 6 7 8 9

мұнда:

1-позиция – әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес мүше мемлекеттің 2-таңбалы әріптік коды;

2-позиция – мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мүше мемлекет өңірінің 2-таңбалы цифрлық коды (01-ден бастап 99-ға дейін);

3-позиция – мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын уәкілетті органның 2-таңбалы цифрлық және (немесе) әріптік коды (орыс әліпбиінің АА-дан бастап ЯЯ-ға дейінгі әріптерін, 01-ден бастап 99-ға дейінгі цифрларды, цифрлар мен әріптердің комбинацияларын пайдалана отырып);

4-позиция – уәкілетті органның жұмыс орнының 2-таңбалы цифрлық коды (код уәкілетті орган белгілейді);

5-позиция – өнімнің 3-таңбалы цифрлық коды:

001 – парфюмерлік-косметикалық өнімдер;

002 – дезинфекциялайтын, дезинсекциялайтын және дератизациялайтын құралдар (тұрмыста, емдік-профилактикалық мекемелерде және басқа да нысандарда (ветеринарияда қолданылатыннан басқа) қолдануға арналған);

003 – тағамға қосылатын биологиялық белсенді қоспалар;

004 – диеталық емдік, диеталық профилактикалық тамақтануға арналған тағам өнімдері;

005 – балалардың тамақтануына арналған тағам өнімдері, соның ішінде балалардың тамақтануына арналған ауыз су;

006 – минералды табиғи, емдік-асханалық, емдік ауыз су, бөтелкеге құйылған ауыз су;

007 – спортшылардың, жүкті және бала емізетін әйелдердің тамақтануына арналған тағам өнімдері;

008 – адамға әлеуетті түрде қауіп төндіретін, әлеуетті қауіпті химиялық және биологиялық заттар мен олардың негізінде жасалатын препараттар (дәрілік заттардан басқа), өндіру, қолдану, тасымалдау, қайта өңдеу кезінде, сондай-ақ тұрмыстық жағдайларда адам денсаулығына және қоршаған ортаға қолайсыз әсер ететін, шығу тегі табиғи немесе жасанды жасалған дербес заттар (қоспалар);

009 – тағам қоспалары;

010 – тамақ өнеркәсібіне арналған технологиялық қосымша құралдар;

011 – гендік-инженерлік-модификацияланған ағзаларды пайдалана отырып алынған тағам өнімдері;

012 – балалар мен ересектерге арналған жеке гигиена заттары;

013 – шаруашылық-ауыз су суымен жабдықтау жүйелерінде пайдалануға арналған суды дайындау материалдары, құралдары, құрылғылары және басқа техникалық құралдар;

014 – ауыз қуысының гигиенасы құралдары мен бұйымдары;

015 – тұрмыстық химия тауарлары;

016 – киім-кешек;

017 – сергітетін сусындар;

018 – алкогольі аз өнімді және сыраны қоса алғанда, алкогольдік өнім;

019 – тамақ өнімімен бірге пайдалануға арналған бұйымдар (ыдыс-аяқты, ас-үй керек-жарақтарын, технологиялық жабдықтарды, қаптамаларды (тығындау құралдарын) қоспағанда);

6-позиция:

"R" литері – өнімнің техникалық регламент (техникалық регламенттер) талаптарына сәйкестігін растайтын куәлікті ресімдеген жағдайда;

"E" литері – өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәлікті ресімдеген жағдайда;

7-позиция – ағымдағы жылы рәсімделетін куәліктің 6 таңбалы реттік нөмірі (әрбір күнтізбелік жылдың басында "000001" нөмірінен бастап белгіленеді);

8-позиция – айдың 2 таңбалы цифрлық коды (айдың 01-ден 12-ге дейінгі реттік нөмірі);

9-позиция – жылдың 2 таңбалы цифрлық коды (жылдың 00-ден 99-ға дейінгі соңғы екі цифры).

Куәліктің берілген күні сөз-цифрлық тәсілмен көрсетіледі: күні – екі араб цифрымен (тырнақшада), айы – екі араб цифрымен (айдың 01-ден 12-ге дейінгі реттік нөмірі), жылы – төрт араб цифрымен (жылдың "ж." деген қысқартылған белгісі көрсетіле отырып);

г) 4-жолда – мыналарды:

өнімнің атауын;

өнімнің атын (бар болса);

сәйкестендірілуін (типi, маркасы, моделi, артикулi және басқалары) қамтамасыз ететiн өнiм туралы мәлiметтердi (бар болса);

қолдану саласын, шығару нысанын, сақтау шарттарын, қолдану тәсілін;

өнім соған сәйкес дайындалған құжаттың (құжаттардың) атауы мен белгісін қоса алғанда, өнім туралы мәліметтер.

Бірдей компоненттік (ингредиенттік) құрамы, гигиеналық сипаттамасы, қолдану саласы бар, бірақ гигиеналық сипаттамаларының мәндерін өзгертпейтін айырмашылықтарымен қоса бірыңғай техникалық талаптар бойынша бір өндіруші дайындаған бір атаудағы өнімнің бірнеше аттарын бір куәлікте біріктіруге жол беріледі ;

д) 5-жолда – өнімді дайындайтын заңды тұлғалар мен оның филиалдары (өндірістері) үшін – дайындаушының толық атауы, оның тұрған жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары өзгеше болса) немесе жеке кәсіпкер

ретінде тіркелген жеке тұлға үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері және өнімді дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары өзгеше болса);

е) 6-жолда – заңды тұлға үшін – өтініш берушінің толық атауы, оның тұрған жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (егер мекенжайлары өзгеше болса) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде берілетін, өтініш берушінің тіркеу немесе есептік (жеке, сәйкестендіру) нөмірі;

ж) 7-жолда – техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) атауы (өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына сәйкестігін растайтын куәлікті рәсімдеген жағдайда) немесе Бірыңғай санитариялық талаптардың II тарауы бөлімінің (кіші бөлімінің) атауы (тармақтың, тармақшаның нөмірі және т.с.с.) (өнімнің Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын куәлікті рәсімдеген жағдайда);

з) 8 жолда – өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына немесе Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер (нөмірі мен күні, сынақ зертханасының (орталығының) атауы, аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірі көрсетіле отырып, зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің хаттамалары), өтініш беруші өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына немесе Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін дәлелдеу ретінде ұсынған басқа да құжаттар;

и) 9-жолда – куәлікті берген (мөрді басып) уәкілетті орган басшысының (уәкілетті адамының) лауазымы, қолтаңбасы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса). Қолтаңбаның орнына факсимилені пайдалануға жол берілмейді;

к) 10-жолда – куәлікті дайындаған кезде қойылатын, оның бланкісіндегі баспаханалық нөмір.

22. Куәліктің 4, 5 және 8-жолдарында көрсетілетін ақпараттың көлемі ауқымды болған кезде мұндай ақпарат осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген бірыңғай нысанға сәйкес куәлікке қосымшада келтіріледі.

Мұндай жағдайда куәліктің тиісті жолдарында қосымшадағы парақтар саны көрсетіле отырып, куәлікке қосымшаға сілтеме келтіріледі.

Қосымша куәліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Куәлікке қосымшаның бланкісі қатаң есептілік құжаты болып табылады, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80 шешімі 2-тармағының "а" тармақшасында көзделген қорғау дәрежелері бар.

Қосымшаның әрбір парағы нөмірленеді, онда куәліктің тіркеу нөмірі, куәлікті берген уәкілетті орган басшысының (уәкілетті адамының) лауазымы, қолтаңбасы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), осы уәкілетті органның мөрі қойылады.

23. Куәлікке (оған қосымшаға) осы Қағидада көзделмеген мәліметтерді енгізуге, сондай-ақ сөздерді қысқартуға және мәтінді түзетуге жол берілмейді.

24. Берілген куәліктердің көшірмелерін өтініш беруші А4 (210 x 297 мм) форматындағы ақ қағаз парақтарында шығарады, өзінің қолтаңбасымен және мөрмен (бар болса) растайды. Заңды тұлға болып табылатын өтініш беруші берген куәліктердің көшірмелері дайындалған жағдайда олар мөрмен (бар болса) және өтініш беруші басшысының немесе уәкілетті адамының қолтаңбасымен (уәкілеттік беретін құжаттың атауы мен деректемелері көрсетіле отырып) расталуы мүмкін.

25. Мынадай жағдайларда:

а) куәлікте (оған қосымшада) қателер (жаңылыс жазулар) анықталған;

б) өтініш берушінің ұйымдық-құқықтық нысаны, тұрған жері (заңды тұлғаның мекенжайы) өзгерген;

в) дайындаушының ұйымдық-құқықтық нысаны, тұрған жері (заңды тұлғаның мекенжайы) өзгерген;

г) өнімге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актіні қабылдау гигиеналық қауіпсіздіктің көрсеткіштеріне, өнімнің құрамына, оны қолдану саласына өзгерістер енгізуге әкеп соқпайтын болса, осындай акті қабылданған жағдайларда қосымша немесе қайта зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер өткізбей-ақ куәлікті (оған қосымшаны) ауыстыруға жол беріледі.

26. Куәлікті (оған қосымшаны) ауыстырған жағдайда Одақтың кедендік аумағында өнімнің айналымы осындай ауыстыру үшін қажетті уақытқа тоқтатыла тұрмайды.

27. Куәлікті (оған қосымшаны) өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштеріне, халықтың жекелеген топтарының өнімнің белгілі бір түрлерін қолдануына көрсетілімдер (қарсы көрсетілімдер) туралы ақпаратқа қатысы жоқ мәліметтермен және гигиеналық маңызы жоқ мәліметтермен толықтыру қажет болған жағдайда, зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің, өнімге сараптамалық қорытындылардың (қорытындылардың) қосымша хаттамаларын ұсынбай-ақ ауыстыруға жол беріледі.

28. Мына жағдайларда:

өнім белгіленген талаптарға сәйкес болмағанда;

өтініш берушіден өнімді әкелу және (немесе) дайындау туралы ақпарат алынғанда;

деректерді мемлекеттік тіркеу кезінде өтініш беруші ұсынған ақпараттың дұрыс еместігін растайтын ақпарат алынғанда уәкілетті орган куәліктің қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Куәліктің қолданысын тоқтату тұру немесе тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті орган оны (жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында) өтініш берушіге, мүше мемлекеттердің уәкілетті

органдарына жібереді, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне тиісті мәліметтер енгізіледі.

29. Куәлігінің қолданысы тоқтатыла тұрған өнімнің қосымша (қайта) зертханалық зерттеулері (сынақтары) және өлшеулері оның техникалық регламенттің (регламенттердің) белгіленген талаптарына немесе Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкестігін растау мақсатында осы куәлікте көрсетілген өтініш берушінің бастамасы бойынша және оның қаражаты есебінен сынақ зертханаларында (орталықтарында) жүргізіледі.

30. Қосымша (қайта) зертханалық зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің нәтижелерінде өнімнің техникалық регламенттің (регламенттердің) талаптарына немесе Бірыңғай санитариялық талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда куәлікті берген уәкілетті орган куәліктің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Куәліктің қолданысын тоқтату туралы ақпарат өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізіледі.

Өнімді қосымша (қайта) зертханалық зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің оң нәтижелері алынған жағдайда куәлікті берген уәкілетті орган оның қолданысын жаңғырту туралы шешім қабылдайды. Куәліктің қолданысын жаңғырту туралы ақпарат өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізіледі.

31. Уәкілетті органдар арасында осы Қағиданы қолдану мәселелерімен байланысты даулар туындаған жағдайда өзара консультациялар жүргізіледі.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 30 маусымдағы  
№ 80 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## **Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу ТӘРТІБІ**

1. Осы Тәртіп өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) айқындайды.

2. Бірыңғай тізілім өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс (бұдан әрі – куәліктер) болып табылады және Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) және Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) өзара ақпараттық іс-қимылы негізінде Еуразиялық экономикалық Одақтың (бұдан әрі – Одақ) ықпалдасқан ақпараттық жүйесінің құралдары пайдаланыла отырып қалыптастырылады.

3. Бірыңғай тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) электронды түрде Комиссияға ұсынылатын бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігінен алынған мәліметтердің негізінде Комиссия жүзеге асырады.

4. Бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктерін қалыптастыруды және жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады. Уәкілетті органдар бірыңғай тізілімге енгізу үшін Комиссияға ұсынылатын мәліметтердің анықтығына жауапты болады.

5. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу Комиссияның уәкілетті органдардан куәліктер, куәліктің қолданысын тоқтата тұру, қайта жаңғырту немесе тоқтата тұру туралы өзекті мәліметтерді алуын, сондай-ақ бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауын қамтиды.

6. Бір мүше мемлекеттің уәкілетті органы басқа мүше мемлекеттің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігінен мәліметтерді Одақтың интеграциялық ақпараттандыру жүйесін пайдалана отырып сұратуы мүмкін.

7. Бірыңғай тізілімге мына мәліметтер енгізіледі:

а) куәліктің тіркеу нөмірі;

б) куәліктің берілген күні;

в) куәліктің мәртебесі (қолданыста, қолданысы тоқтатыла тұрған, күші жойылған (кері қайтарылған));

г) куәліктің мәртебесінің өзгертілген күні (куәліктің қолданысы тоқтатыла тұрған, тоқтатыла тұрғаннан кейін қайта жаңғыртылған, тоқтатылған немесе куәлік қайта рәсімделген жағдайда);

д) куәлік рәсімделген бланкінің есептік нөмірі;

е) өнімді дайындайтын заңды тұлға мен оның филиалдары (өндірісі) үшін – дайындаушының толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметін жүзеге асыру мекенжайы (мекенжайлары) (мекенжайларында айырмашылық болған жағдайда) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты орны және өнімді дайындау жөніндегі қызметін жүзеге асыру орнының мекенжайы (мекенжайлары) (мекенжайларында айырмашылық болса);

ж) заңды тұлға үшін – өтініш берушінің толық атауы, оның орналасқан жері (заңды тұлғаның мекенжайы) және өнімді дайындау жөніндегі қызметін жүзеге асыру мекенжайы (мекенжайлары) (мекенжайларында айырмашылық болған жағдайда) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға үшін – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты орны, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде берілетін өтініш берушінің тіркеу немесе есепке алу (жеке, сәйкестендіру) нөмірі;

з) куәлікті берген уәкілетті органның атауы және оның орналасқан жерінің мекенжайы;

и) мыналарды:

өнімнің атауын;

өнімнің атын (бар болса);

оның сәйкестігін қамтамасыз ететін өнім туралы мәліметтерді (мысалы, түрін, маркасын, үлгісін, артикулын, шығару нысанын және басқаларды) (бар болса) қамтитын өнім туралы мәліметтер;

к) оған сәйкес өнім дайындалған құжаттың (құжаттардың) атауы мен белгісі;

л) оның талаптарына сәйкестікке куәлік берілген, Одақтың құқығына кіретін актінің атауы;

м) өнімнің техникалық регламенттің (техникалық регламенттердің) талаптарына немесе Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға), Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және кедендік аумағында Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдердің (тауарлардың) бірыңғай тізбесінің II бөліміне енгізілген өнімдерге (тауарларға) қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтер (өнімнің көрсетілген талаптарға сәйкестігінің дәлелі ретінде мүше мемлекеттің аккредитация жүйесінде аккредиттелген және Кеден одағының сертификация және сынақ зертханалары (орталықтары) жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген сынақ зертханаларының (орталығының) нөмірі, күні, атауы, аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірі көрсетілген зерттеулердің (сынақтардың) хаттамалары, өнімнің дайындаушысы немесе сатушысы (импорттаушысы) болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға немесе кәсіпкер ретінде жеке тұлға не дайындаушы уәкілеттік берген тұлға ұсынған басқа құжаттар);

н) куәлікке қосымшада қамтылған мәліметтер (бар болса).

8. Уәкілетті органдардың Комиссияға мәліметтерді беруі мәліметтерді енгізген кезде, оның ішінде осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген мәліметтерді өзекті еткен кезде бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктеріне автоматты түрде жүзеге асырылады.

9. Мүдделі тұлғалардың сұраулары бойынша бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктерінде қамтылған мәліметтерді ұсынуды мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес уәкілетті органдар жүзеге асырады.

10. Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтер ашық және жалпыға қолжетімді болып табылады.